**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
Қараша айы 2024жыл 2 апта
№ 1 «Күншуақ» кіші тобы

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 11.11.2024** | **Сейсенбі 12.11.2024** | **Сәрсенбі 13.11.2024** | **Бейсенбі 14.11.2024** | **Жұма 15.11.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Отбасында шынығу маңызы жөнінде ақпарат алу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру,<br>Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап»<br>Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата»<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату. **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**). | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Көңілді видео муызка сүйемелдеуімен қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)**<br>Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.<br>«Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбында жеке әңгімелер ұйымдастыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Музыка** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. | **Дене шынықтыру** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. | **Дене шынықтыру** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). | **Дене шынықтыру** Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. |
| | Қонаққа есікті қақтырып спортшы баланы кіргізу (мектепалды топтың баласы) Ол балаларға жаңа ойыншықар алып келгенін айтқан соң әр балаға доптар, құрсаулар, секіргіштен береді. Балалар алған заттарын атап, қалай ойнайтынын көрсетеді. Балаларға спортшы баланың жасаған жаттығуларын қайталап жасайды | Тазалық құралдарын көрсету. Атауларын атату, қуыршақтарға күтім жасату. Не істеп жатқандарын айтқызу. **«Қуыршақ»** тақпағын жаттату. Жуын,жуын,жуынсақ Қандай жақсы қуыршақ! Қазір аппақ боласың Қуанады анашың *М.Жаманбалинов* **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Шынықтыру құралдарын қима карточкалардан құрастырту. Құрастырған бейнесі туралы өз ойын айтуын дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** Балалардың сүйікті ойыншығы допты сазбалшықтан мүсіндеуді пысықтау. **(мүсіндеу)** | Үстел үсті театры арқылы «Үш торай» ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоциалды қабылдауды үйрету. **(көркем әдебиет)** Ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атауды. Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету. Ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту | Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге дағдыландыру. Топпен бірге «қуыршақ» тақпағын айтуды үйрету **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Көңілді музыка сүйемелдеуімен балалардың бірге би билеуін ұйымдастыру **(музыка)** | Тазалық құралы сабынның суретін салдырту, сазбалшықтан сабын мүсінін жасату. Тазалық құралдарын тауып жапсырту жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | | **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Ойыншықтар әнін тыңдау.Балалардың қарапайым би қимылдарын жасату: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру **(музыка)** | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Құмға таяқпен тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды ырғақты сызып салуды қайталау (жаңбыр, қар, жол, түтін)<br>**(сурет салу)**<br><br>Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аудару. Жел соғып тұр, далада салқын секілді сипаттарды атауын қалыптастыру. Қоршаған табиғаттың | Құрастыру материалдарынан машиналардың жолдарын құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**<br><br>Жел қалай соғады. Жапырақтардың тербелгенін көрсету дағдыларын пысықтау. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Еркін ойындар, жеке жұмыстар | Аулада тазалық жұмыстарын ұйымдастырып балаларды ағаштардан түскен бұталарды теруге қатыстырып еңбектенуге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар.<br><br>Қимылды ойын: «Нысанға қарай жүгір» | Қимылды ойын: «Поезд» поезда бара жатқанда<br><br>желдің соғуын бақылату. Құстарға жем су бергізу. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Еркін ойындар<br><br>Құмда сурет салдырту.<br>Ермексазбен еркін ойындар.<br>**(мүсіндеу, сурет** | Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Ағаштардың түскен бұтақтарын жапырақтарын жинап, шелекке салу **(сенсорика)**<br><br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұлулығын қабылдауын ұйымдастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар | | | **салу)** | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» көркем сөзді эмоциалы қабылдауды үйрету.<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттерді жасату.<br><br>Спорттық ойын құралдарын фланелеграфта жапсырту **(жапсыру)**<br>Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп, құрсау жасату **(мүсіндеу)** | «Қуыршағым» әнін айтқызу. видео арқылы көруін ұйымдастыру. Бірге қимыл жасату. **(музыка)**<br><br>Көлеміне қарай ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыруды пысықтау **(сенсорика)** | Таныс тақпақты қайталау, жаттату. Жеке балалармен жұмыс жасау. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта кітіптардан сурет қарату сұрақтарға жауап беруін дамыту. Құмда доп салуды пысықтау **(сурет салу)** | Еркін іс әрекеттер<br><br>Сенсорлық ойындар, кітаптардан «Үш торай» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін фланелеграфқа ертегі желісі бойынша жапсырту. **(сенсорика, жапсыру)** | Қалауы бойынша шариктер суретін салуды жетілдіру.<br><br>Түрлі түсті ермексаздан шариктер жасату. Фланелеграфқа шариктер жапсырып, моншақ тізуді үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ........... сөздердідұрыс айтуды ескере отырып,сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. | .............. отбасы мүшелерініңжанына шарды орналастырып жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру. | .................. допты сазбалшықтан Мүсіндеуді үйрету. | .......................... не істеді сұрағына жауап беруді үйрету. | .................. «Машина» тақпағынайтуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | К/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік, мәшіне және т.б құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** | Кітаптар қарату.<br>Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және біртe-біртe күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br><br>Балалармен жеке жұмыстар.<br>К/О «Поезд» | Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату **(сенсорика)**<br><br>К/о «Шеңберге тез тұр» | К/о «Күн мен жаңбыр»<br><br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу. бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауын қалыптастыру<br><br>Құрастыру материалдарымен еркін ойындар ойнату. **(құрастыру)** | Пласстмасс құрастыру материалдарынан әр түрлі құрылымдар құрастыруын ұйымдастыру. **(құрастыру)**<br>К/О Құстардың ұшып келуі»<br>Еркін ойындар. |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» көркем сөзді эмоциалы қабылдауды үйрету.<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде ойналатын ойындар ұсыну.<br>Апта бойы алған әсерлерін сұрау, әңгімелесу дағдысын қалыптастыруды үйде жалғастыруды ұсыну. | | | | |

**«Тексерілді»**
**«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының әдіскері:** ________
**У.Г.Нурмухамметова**
08. 11. 2024ж.